

Егемен Қазақстан

Есте жүрер ертегі

(Эссе)

Айнала алай-дүлей. Мың-мың дию жағаласып, өзді-өзді алысып-жұлысып жатқандай. Жер бетіндегінің бәрі жыбырласып, сыбырласып, гуїлдесіп, гүжілдесіп кеткендей. Аспаннан ақ қиыршық, сары қиыршық тосап жауып тұр. Көзіңді аштырмайды. Көк жағалылардың қаралай төбе шашыңды тік тұрғызатын, «қара құзғын» деп аталатын, желкеңнен бүріп ұстап алып, түрмеге апарып, бір-ақ тығатын жендет машинасы беті ауған жаққа безіп келеді. Қайдан шықты? Қайда барады? Бәрі беймәлім. Жер апшысын қуырып, жүйткүмен жүр. Кенет күрт тоқтады. Боран бұрынғыдан да үдей түскендей. Екілене ышқынады-ай кеп! Машинада отырғандарда үн жоқ. Екінші қатардағы ақсақал сыртқа тесіліп, қанша қараса да, ештеңе айыра алмады. Жер үсті михнатының біразын көріп болған кәрия адамның тым созалаң қимылымен сыртқа шығуға оқталды.

Екі көк жағалы ере көтерілді. Шофер көр-жерлер салынған қобдишасын әрі ақтарып, бері ақтарып, ақырында ортасындағы доғалаққа шиыршықтап ораған бір бума темір сымды алып шықты. Қасындағы полицейдің қолына ұстатты. Ол бір шетін ақсақалдың беліне шандып орады. Буманы өзі ұстап тұрды. Соның бәріне үнсіз шыдаған ақ сұр шалға иек қақты. Ол ілгері қарай адымдады. Біраз жүрген соң, жата қалып, жерді сипалады. Тосап аралас топырақтан басқа ештеңе кезікпеді. Тағы да жүрді. Тағы да тоқтады. Тағы да сүйтті. Сүйек-саяқ, темір-терсек ештеңе қолына ілікпеді. Емпендеңкіреп, тағы да ілгеріледі. Бір уақытта барып, аяғының астына үңілді. Бірдеңе жатқан сияқтанды. Қолына темір-терсек ілінді. Тағы да жүрді. Тағы да солай. Шашылып қалған қанылтырлар... Бұлар адасып, Қызылқұмға шығып кетсе, бұндайлар атымен ұшыраспас-ты. Көп болса, шөлден өлген малдың қаңқалары жолығар-ды. Темір-терсектердің мұнша көп шашылып жатқанына қарағанда, бетпақ дала жағында жүрген сияқты. Тағы да қозғалды. Кенет әлдене қылаңытқандай болды. Сосын біраз жүрген соң барып, бозарытты. Сосын қарауытты. Енді әлгі қарайғанның түгел сұлбасын да шырамытты. Дөңкиіп көрінеді екен.

Күмбез бе қалай?! Жапанда тұрған жалғыз күмбез. Бірталайдан бері жан баспапты. Сипалап жүріп есігін тапты. Ішіне енді. Ық. Жел уілі де біршама басылайын дегендей. Көзін тарс жұмып, біраз тұрып барып, қайтадан ашты. Қою қараңғы сейілгендей. Қақ ортада дөңкиген жалғыз мола. Тани кетті. Иманбектікі. Жалп етіп отыра салды. Күңіrentіп құран оқыды. Қолын жайды. Бетін сипады.

Жүрегі тарс-тұрс. Тынысы тарылып барады. Орнынан жер таянып, әзер көтерілді. Төбедегі үңірейіп тұрған жалғыз саңылауға үздіге қарады. Ар жағында – бозғылт аспан. Қанша үздіксе де, бедірейіп тұр. Бұл да демі жеткенше, әлденелерді айтып, безеңдеумен болды. Саңылау бәрібір қылп етпеді. «Көк теңіз құрыды. Біржолата сарқылды». Қырылдай шыққан ақтық үн қабырғаларға қақтығыса-соқтығыса барып, көзгелдектей саңылауға жұтылып тынды. Бір жағына қарай көлбей сұлап бара жатқан құр сұлдер іргедегі суық топырақты құша құлады. Сол уақытта барып, машинаның ішіндегі Беріш жанындағы шекелей қарап отырған капитаннан рұқсат сұрамастан, атып шықты. Екінші полицей де тұра ұмтылды. Беріш жан ұшырып жетіп келсе, үлгермепті. Ақсақал әлдеқашан үзіліп кетіпті.

Осы арадан шылбырын сүйретіп, жаудан бос қайтқан иесіз ақ боз аттай, роман да таусылады. Қалың буалдырға қамалғандай, қаралай тосылып, біраз отырасың. Бір оқиғадан соң, бір оқиға. Бір өлімнен соң, бір өлім. Бір сұмдықтан соң, бір сұмдық. Қабаттасады да жатады. Құдды бір құбыжықтар туралы роман оқығандайсың. Денең тітіркенеді. Төбе құйқаң шымырлайды. Неткен бейберекет тіршілік еді?! Неткен пәтуасыз қауым едік?! Шымбайыңа батқан осы бір уайымның уытын қайтарғың келіп, романда жазылған өлке мен халықтың өткен-кеткенін ойлана бастайсың. Көз алдына басқа бір көріністер келгендей.

Ол да сонау соғыстан соңғы ел есін енді-енді жиып келе жатқан талықсы кезең еді. Өлгендер өшпеген үмітті әлі торықтырып үлгерген жоқ-тын. Өлмегендер там-тұмдап елге оралып жатты. Біреуі шолақ, біреуі молақ, біреуі тосаң, біреуі кекеш, біреуі жалғыз көз одыраңбай, біреуі тас соқыр, біреуінің бетін күлдәрі ойып кеткен, бұжыр-бұжыр. Не де болса, баяғы қол-аяғы балғадай, тепсе темір үзетін тегеурінді қалпында қайтып жатқан біреуі де жоқ. Өңшең ақсақ-тоқсақ, қиқы-жиқы, мыжық-тыжық. Бірте-бірте оған да көз үйренісейін деді. Кеуделерінде шыбындай жандары бар ғой, әйтеуір. Бірер жылдан соң майданнан қайтқан мүгедектерден өрбіген қара домалақтар, сары домалақтар үй арасында шапқыласып жүрді. «Жетім қозы, тас бауыр, түңілер де отығар» дегендей, сызданып өскен әкесіз ұрпақ та ержетіп, өлместің қамын жеп жатты.

Бұл 1957 жыл еді. Жер түбіндегі Маңғыстаудан бір топ бала оқуға аттандық. Таласып-тармасып, Қандыағашқа дейін билет алдық. Үш-төрт күн құйымшағымызды вокзалдың қарағай орындығына қажатып, өтіп бара жатқан Ташкент пойызының соңғы вагонына іліктік. Отырарға орын жоқ. Пойыздың төбесіне шығып кетеміз. Анадайдан тексерушілер көрінсе, жалма-жан төмен түсеміз. Сөйтіп, Арысқа келдік. Үш-төрт күнімізді онда жоғалтып, өліп-талып, [Алматыға](#) да жеттік-ау, ақыры!

Ауылда жүргенде, аспан астының ұшы-қиырсыз молдығына таң қалушы ек. Расында да, ол сол бетімен созылып кете барады екен. Тіпті пойызға мініп те, шегі мен шетіне жете алмай келеміз. Қайда қарасақ та, далиып жатқан құла тұз. Тек Бершүгірде ғана мыжырайған таулар жолықты. Біраз жерге дейін ербиіп, ерді де отырды. Көп ұзамай қайтадан жым-жылас жазықтарға ұласты. Әр жер-әр жерде белуардан құмға батып жатқан жермешел үйлер көрінді. Жермен-жексен шағырдан тұрғызылған аласа шарбақтардан азын-аулақ мал өріп жатыр. Жерге қағылған қазықтарын шыр айналып, боталар ыңырсиды. Оларды қимай, жапан далаға маңып, жайылысқа беттеген иір мойын нар маялар күңірене боздайды. Кейін осындай жол бойында тұратындар туралы фильм түсіреміз деп, шатаққа қалғанымыз бар. Бұл әдейі жоғарыдан жіберілген нұсқау ма, жоқ ондай құнарсыз көріністерді экранға көрсетуден қорынған ауыл пысықайларының өздері ойлап шығарған тыйымы ма? Ол арасын білмедік. Әйтеуір, ол жылдарғы кинода біздің қазақтар асқар таудың баурайындағы

көк шалғында жылқы бағып, сарқырап ағып жатқан өзендерге қой суарып жүретін. Біз сондай кензесі кепкен мыңдаған шақырымдарды артқа тастап, [Алматыға](#) оқу іздеп барамыз. Кенет құбыла беттен әлдене көгерітті. Көкжиек қой деп едік. Аспан астын тақ толтырып, көк айрандана толқып жатқан су жолықты. Көп ұзамай, сол жағымыздан да телегей теңіз көрінді. Бақсақ, Сырдарияның Аралға құяр сағасына жетіппіз. Жер реңі өзгеріп қоя берді. Талайлар қайыққа мініп апты. Қалқып жатқан су арасынан құлаштап қамыс орып жүр. Перрондағылар: «Балық алыңдар! Балық!» – деп қиқуласады. «Бістаған балық!», «Тұздаған балық!», «Жаңа ауланған балық!», «Қуырылған балық», «Бұқтырылған балық!» – деп жарыса шуласады. «Жаңа ұстап алдым!» – деп ауызы кебістей жайын балықтарды жарқ-жұрқ жарқылдатып, бұлқынып жатқан сары сазандарды тайдай тулатады. Кейбіреулер кісі басындай сүйір балықты серейтіп сары қағазға орап алыпты. «Аралдың қаязы! Майы шылқып тұр!» – деп әндетеді. Оны дәл сондай ұзынша балық арқалаған тағы біреу кескестейді. «Сырдың ақ марқасын алыңыздар! Ақ марқа! Ақ марқа! Жерех! Из Сырдария!».

Осынау қызды-қызды дауыстардан айнала тіптен ажарланайын деді. Келесі бекеттерде теңкиіп-теңкиіп қауындар көрінеді. Ақ шәмші, қара шәмші, сары шәмші, қызыл шәмші, көк шәмші, ала шәмші, ақ гүрбек, қара гүрбек, ала гүрбек, көк гүрбек, ақ күләбі, қара күләбі, қызыл күләбі, сары күләбі, боз қауын, шәй қауын, май қауын, қыс қауын, түйе қауын, әңгелек, тәрнек, бақыраман, хиуа бишек, жиде жапырақ, секерпара, бекзада, кәрі қыз, аққас, қарақас, торлама, науат торлама, хожейлі торламасы, батсайы, ала хамма, мәдени заман... Бірінен бірі өткен әдемі. Бірінен бірі өткен тәтті. Бәрінен де бал тамып, жұпар аңқиды. Аузыңның суын ағызады. Таңдайыңды жұлып түседі. Одан купеннің терезесіне дейін шелек-шелегімен алма, алмұрт, шабдал, ақ өрік, қара өрік, сары өрік, әр түйірі бармақтай-бармақтай жүзімдер әкеліп ұсынады. Ол кезде нан кәртішкесінің жойылғанына он жылдай болған. Бірақ, әлі бірішектеу едік. Ұйпап-жайпап үйрене қоймағанбыз. Көргеніміздің өңіміз екенін де, түсіміз екенін де әлі ажырата алмай келеміз. Сөйтсек, өңіміз екен. Аралдан бастап, [Алматыға](#) дейін береке-молшылықты кешіп келеміз екен. Ташкентті ырысты қала деп естуші ек. Одан біздің оңтүстігіміз де қалыспайтын түрі бар екен. Оған жыл сайын ауылымызға пойызбен барып-келіп жүріп, әбден көзіміз жетті.

Аралдан өте бере өңшең спорт трикосын киіп, сыптыып-сыптыып жүретін сыптығыр жігіттер кенет күрт азайып кетер еді. Оның есесіне, оңаша купеде өңкей қыздың баласындай сүп-сүйкімді майорлар жымия күліп отырар еді. Бет-ауыздарына қарап-ақ, ішпей-жемей тойып қалатындайсың. «Төретамаға келіп қалдық!» – дегенді естіп, бәрі жып етіп орындарынан көтерілетін. Пойыз баяу жылжып келіп, кілт кідіріп, қайта қозғалатын. Өлгі жіптіктей әдемі майорлардың сонда сау етіп, вагоннан түсе қап, әлде бір әскерилермен қол алысып, мәре-сәре болып жатқандарын байқайтынсың. Сөйтіп, 1961 жылдың 21 сәуіріне де жеттік. Адам алғаш рет ғарышқа көтерілді. Төретамада не істеліп, не қоятынына сонда барып назар аудардық. Өліктер кезген құм белдердің құпиясы бұрынғысынша жұмбақ болып жата берді. Қайта бір кезде фашистерге қақ тұмсықтан қайқайта соғып, тойтарыс беріп дәндеген Иосиф Сталиннің солдаттары тағы да бір рақаттана мұрттарын ширатты. Оның үстіне Никита Хрущевтің кеңес адамдарының осы тірі жүрген ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады дегені олардың қышыған жерлеріне дәл тигендей еді. Әзірге Төретаманан төтен жақсылықтар күтіп жатқандаймыз. ...Сонымен, артындағы ізін арқандай шұбалтып, темір жол да келді. Әуелі Ташкентке жеткенше асықты. Содан Орта Азияның түкпір-түкпіріне жолдар тарады. Қазақтың сардиып жатқан сары даласы да құр қалмады. Батысы, Шығысы, Оңтүстігі, Солтүстігі түгел қамтылды. Кейін ойлап

табылған темір жол мен тас жол Адам мүддесі жұмсаған тұстың бәріне барып, қолды-аяққа тұрмай құрақ ұшып жүр.

Ал адамнан бұрын жаратылған әлемдік мұхит әлі сол қалпы. Суэц, Панама, Ла-Манш сынды онсыз да жалғасып кеткелі тұрған жерлерге аздап қол тигізгендері болмаса, қалғаны әзір қазқалпында бүтін тұр. Билеп-төстеуіңе көне қоймайтын сияқты. Сыртқы мұхитпен жалғаспаған ішкі көлдердің құлқы қалай екен? Соның бірі Роллан Сейсенбаев роман жазып жүрген Көк теңіз алабының, қазіргі Арал теңізі маңайының өткен-кеткені нендей сыр шертеді екен? Бір кезде бұл жерлерде ежелгі Тетис мұхиты көлбеп жатыпты. Теріскей Евразияны одан кейін де әлденеше рет су басыпты. Тіпті көпке дейін Қара теңіз бен Балқаш арасы суға кілкіп тұрыпты. Ондай мол судың қайтуы көпке созылыпты. Әр жер-әр жерде Балқаш, Арал, Каспий, Азау, Қара теңіз сынды үлкен-үлкен айдындар шалқып жатыпты. Қалған жерлері бірте-бірте сорыға бастапты. Араларында жыланша ирелеңдеп, ежелгі ағыс арналары әнтек көзге ұрып жатыпты. Кейін олар су жентектеп тастаған тау-тау құмдар, лай, шоғырлардың жиналуына әсер етіпті. Бұл арадағы атам заманғы Узбой, Унгуз, Келиф, Амудария, Сырдария, Шудың көне аңғарларын, Іленің құяр сағасындағы құрғап қалған арналар – бақанастарды, Қарақұм шөліндегі Мургаб пен Тежен өзендерін қалайша еске алмассың! Аралдың теріскейінде ұзыннан ұзақ көлбей түсіп, Торғай қыраты жатты. Оны бел ортасынан алты жүз шақырымға созылатын су айырығы басып өтеді. Ертіске барып құятын Обаған, Тобыл, Есіл солтүстікке қарай, Шалқар теңіз маңында құмға сіңіп жоғалатын Торғай, Ырғыз оңтүстікке қарай ойысады. Ширектік кезеңде Батыс Сібір ойпатына түскен омбы қарлар ерігенде жиналған суы Тұран ойпатына лақылдап құйылыпты. А.Гумбольдттың Арал-Каспий жазығын бір замандарда Қара теңізден Балқашқа дейін жайылып жатқан ұлы теңіздің табаны деп қарастыратыны да сондықтан еді. Соның ең терең шұңғылдарына Каспий мен Арал теңіздері жайғасыпты.

Оның бұл тұжырымдары біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген грек Геродоттың айтқандарымен үндеседі. Біраз замандастары көп уақытқа дейін Каспийді Солтүстік мұхиттың күнгей шығанағы деп келді. Ал Геродот өз алдына дербес теңіз деп есептеді. Адамдар бұл араға әлденеше мың жылдықтар бұрын аяқ басыпты. Байсын тауындағы Тесіктастағы палеолит моласы мен Қаратаудағы неолит адамдарының іздері – оған куә еді. Тарихшылар Каспий мен Арал арасында массагеттер, олардың теріскейінде исседондар, батысында дайлар тұрған деп пайымдайды. Парсы падишасы Кир массагеттерді басып алуға сонша құмартады. Олар Аракс өзені бойын жайлапты. Басын Гин (Инд) жерінен алыпты. Таудан аққан мол су етекке түскен соң 40 тармақтанып, 360 арыққа бөлініп кетеді екен. Соның бір тармағы ғана итбалық терісінен киім киетіндердің еліне дейін ағып барып, теңізге құяды екен. Ол бүгінгі Каспий айдыны болса керек. Қалғандары батпақтар мен құм арасына сіңіп жоғалыпты. Расында да, ежелгі гректер мен римдіктер Амудария мен Сырдарияның бір немесе екі өзен екенін біраз уақыт бойына жыға ажырата алмапты. Екеуін қосып, Аракс деп атайды. Олардан өзге өзендердің бәрі, басы Зеравшан, Тежен, Мургаб, Сарысу, Шу болып, құмға сіңіп, құрдымға кететін еді.

Әуелі Кир, сосын Дарий жете алмаған жеңіске Македониялық Ескендір жетпекші болды. Ол бұл өлкені шимайлап жатқан ежелгі бекіністер мен ирригациялық жүйелерге жолықты. Батыс пен Шығыс арасындағы кейінгі кезде мейлінше етек жайған мәдени байланыстардың негізін салды. Оның ойдағыдай өсіп-өркендегеніне күні кешеге дейін куә болдық. XI ғасырда Хорезм шахы Момын ибн Момынның сарайында ұлы энциклопедияшыл ғалым Әбу Райхан әл-Бируни қызмет етті. Ол Амударияны оғуздерге қарай бұруды сөз қылды. Сонда ол: «Дахони-Шерден

(«Арыстанның ауызынан») құтылып шығып, жазықтықпен ағып, Түйемойынға дейін барар еді. Одан әрі тастақ арнаға түсіп, Қызылқұм алабына құлар еді. Оның бойына адамдар заманында 300 қала мен қыстақ тұрғызған-ды. Қираған орындары әліге дейін сақталған», деп жазады. Біз бұдан ертедегілердің әрбір тамшысы алтынға барабар дария суын ысырап етпеуді қалай құнттағандарын көреміз.

Сондай асыл құндылықтардың қалай рәсуа болып жатқанын көру жеңілгендер түгілі жеңімпаздардың өзіне де ауыр тиетін секілді. 1220 жылы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы Сырдария бойындағы Жаңакент пен Амударияның астында қалған Үргенішті өз көзімен көргенде, таусыла күйзеледі. Өйткені, бауырлары Шағатай мен Өгедей өздеріне бұйырмай, Жошының иелігіне өткелі тұрған ғажайып өлкенің ежелгі астанасынан ештеңе қалдырмай күйретуді көздеген еді. Мұндай іштарлықты 1388 жылы Ақсақ Темір де қайталайды. Бұл оның қоңыраттар билеген Хорезммен бесінші рет ұстасуы еді. Самарқанның басты бәсекелесі болғалы тұрған Үргенішті жермен-жексен етіп, орнына арпа егіп тастаған-ды. Бұл оның Жошы ұрпағынан біржолата өш алғаны еді. Өзіне илікпеген Жошы әулетінің нағашылары Нәнқұдай қоңыраттың балаларын мықтап сазға отырғызғысы келіп еді.

Алайда, Хорезмдегі үш жүз қаланың бәрі бірдей басқыншылық соғыс пен билікшілер арасындағы бақастықтан құм астында қалды деуге ауыз бармайды. Өңірде жүргізілген гляциологиялық, геоморфологиялық, геодезиялық, ботаника-географиялық зерттеулер палеогеографиялық жағдай мен қазіргі экологиялық ситуацияның арасы жер мен көктей екендігін аңғартады. Жылдан жылға ұлғайып бара жатқан шөлейттену үдерісінің аяқ алысы тіптен шошынтады. Амудария мен Сырдарияның су баланстарын сақтай алу күрделіленген үстіне күрделіленіп барады. Бұның бәрі табиғат пен адам ара-қатынасын мейлінше нәзіктендіріп жіберді. Адамзаттың жаралуы жер бетіндегі тіршілік эволюциясының орасан зор жетістігі ме, әлде үлкен қателігі ме деген үрейлі сауал ойға жиі оралатын болды.

Біз тоқталғалы отырған романдағы география мұғалімі Жәлелханның жас шәкірттері ойда жоқ жерден қызу талас тудырады. Оған Сырдария бойында әліге дейін айтылатын ескі аңыз түрткі болады. Сақ ханымы Томирис Кир патшаның басын кесіп, қан толтырған жұмырға салып, Сырдарияға әкеліп, суға лақтырады. Артынан Дарий патша таққа отырады. Ауыр қол бастап, сақтарға қарсы жорыққа шығады. Жолдағы құдықтардың бірін аман қалдырмай түгелдей улап кеткен. Бірақ өздері ешқайдан кезікпейді. Құла түзде қаралай іші пысқан Дарий айналасына хабар шашады. «Қорықпаса, менімен кездессін», дейді.

Бір күні жапан түзде оған елші келеді. Қолдарында құс, құрбақа, тышқан және бес түйір жебелері бар екен. Дарий бұған қатты қуанады. Сонда Гарил деген қолбасшысы сөзге араласады: «Дат, тақсыр! Бұл олардың бізге: «Құс болып көкке ұшсаңдар да, тышқан болып інге кіріп кетсеңдер де, бақа болып батпаққа батсаңдар да, біздің көк жебемізден бәрібір қашып құтыла алмайсыңдар!» дегені еді», дейді. Амалы құрыған Дарий кері шегінеді. Елшінің екі көзін ойып ала кетеді. Түзде қалған сорлы ғарып күй шертіп, өлең шығарып, емшілік жасап, сәуегейлік құрады. Оның моласы қазір маңайына ешкімді жолатпайтын Байқоңырдың аймағында қалады. Бұны естіген Омаш ұстасын қалың сауалдың астына алады. Сонда Жәлелхан: «Кейде адамды жаратуы табиғаттың ең үлкен қателігі ме деп қаламын», деуге мәжбүр болады.

Ұстазының бұл жауабын естігенде бәрі де сөзден тыйылады. Ұйқыға кеткен он екі шәкірт пен екі мұғалім ертесіне оянбай қалады. Сөйтсе, Сырдарияның бас жағындағы химкомбинат айрықша улы шетел дефолиантын суға төгіпті. Оның зардабы өзен аяғындағы Қараойдың арман қуып, ауыздықтарымен алысқан жас боздақтарын қыршындарынан қиыпты. Енді, міне, XX ғасыр прозасының озық үлгілерінен тәлім алған талантты жазушымыз Роллан Сейсенбаевтың бір отбасының, бір ауылдың қилы-қилы дертін қозғап, бүкіл бір ұлттың басына төнген қасіретті толғайтын кең көлемді эпикалық туындысын дүниеге әкелді. Мұнда сөз болатын адамдар да аз емес. Бір әулеттің ғана емес, бірнеше ұлттардың өкілдері. Ешқайсысына ешқандай қосалқы маңыз артылмайды. Бәрі де оқиғаға бастан аяқ қатысатын басты кейіпкерлер. Бәрі де жер түбінен танысып-табысады. Бір-бірімен оңайлықпен алжаспайды. Үлкен өрмектің өрнектеріндей қиыннан қиюласады. Қай-қайсысы да бір арманды қуып, бір мақсатты көздеседі. Кейде ұлан-байтақ Қазақстанның шар тарабына шашырап, кейде қияндағы Қараой мен Шүгенге тоғысып, шүйіркелесіп жатады. Тіпті Мәскеу, Қарақалпақ, Өзбекстан, Түркімен, Қырғыз асып, бір-біріне жер түбінен үздігіп, сағыныса сәлем жолдайды. Ешқайсысы жеке-жеке жүріп, ештеңе де бітіре алмайды.

Бірақ, бәрінің мойнына маңызды тапсырма жүктелгендей. Оны тағдырдың өзі өз қолынан аманаттағандай. Бәрі бір істің күйін күйттеп, соңына түсіп жүргендей. Олар қайда жүрсе де жарқ-жүрқ еткен жарық дүниенің көз алдында тұрғандай. Жүрген ортасы, өмір сүрген заманы, қай кезде, қандай қалада немесе ауылда не болып, не қойғаны тәптіштеліп түгел суреттеледі. Тіпті тұтас-тұтас хроникалар тізбектеледі. Бір емес, бірнеше рет солай болады. Жазушының бұндай ізденістері кейде шығармаға ауқымдылық дарытса, кейде ресми оқиғаның бейресми жай-жапсарын қазбалайды. Ол кейіпкердің әрекет аясын кеңейтіп қана қоймай, оған құжаттық деректілік бітіруге, саяси-әлеуметтік мотивировкасын, идеялық-концептуалдық дәлелділігін мейлінше тереңдете түседі. Бұл қазіргі заман адамының рухани зәруліктерімен де үндеседі. Радиотелетранзистор, ұялы телефон, интернет, компьютермен мұздай қаруланған замандастарымыздың бүгінгі дүниетүйсігі осыған саятын сияқты. Бүгінгі тіршілік эстетикасы эпизодтық ажыратымдардың осындай аражігін, оқиғалар жалғастығының осыншалық жымдасуын талап етуі де ғажап емес.

Сонымен скандинавиялық, латын америкалық дәстүрлерді, өзінің ұлттық болмысымен дамыта қабылдап, қазіргі неміс, испан, француз, британ, орыс әдебиеттерінде кеңінен орын таба бастаған әулеттік саға үлгісіндегі Р.Сейсенбаев романының жанрлық-стильдік құрылымынан да біршама хабардар болдық. Ал идеялық-концептуалдық сонылықтары ше? Арал тақырыбының біздің әдебиетімізде айрықша жұлдызы жанып тұр. Оған басқаны былай қойғанда, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің әлемдік гуманистік әдебиеттің үлкен табысынан саналатын «Қан мен тері», «Соңғы парызы» даусыз айғақ бола алады. Бірақ, әдебиетке келген әр жазушының қай-қай тақырыпта да бақ сынап көруге қақысы бар ғой. Фашизм туралы қалам тартпаған неміс қаламгері некен саяқ. Алайда, солардың бәрін Томас Манн, Герман Гессе, Эрих Мария Ремарк, Генрих Белль қолдарынан шыққан інжу-маржандармен салыстырып-салғастырып жатқан кім табылады?! Алдымызда осындай озық үлгілер бар ғой деп, мәселен, Гюнтер Грасс, өзіне дейін талайлар шиырлап тастаған шырғалаң тақырыпқа қалам тартпай қалды ма?!

Неге екенін білмеймін, «Өлік кезген құм белдердің» «Таға» баспасынан орыс тілінде шыққан алты жүз жетпіс беттен асатын соңғы нұсқасын қолыма алғанда, менің есіме Гюнтер Грассстың 1999 жылы Нобель сыйлығын алған «Ит ғұмыр» («Собачьи годы») романы түсті. Ол да 700 беттен

асатын аса көлемді туынды еді. Екеуін де әуелі қолыммен салмақтап көрдім. Білегіме біраз күш түсіреді екен. Жүрегіме де соншалықты әсер ете алар ма екен?! Екеуінің де композицияның бітімі мен тексттік жүйесі аса күрделі шығармалар болып шықты. Данциг (Гданьск) қаласының тұрғындары Гитлерге сыйлаған иті үшін қандай қанды қырғындарды бастан кешкендігін тапқырлықпен жеткізген. Неміс жазушысы өзінің аққаптал стилист екендігін қапысыз таныта алыпты. Өлтірсең де жөн сөйлемейтін, ирония мен сарказмге толы, нағыз гротескіге құрылған фантастикалық ертегіге ұқсайтын көп әуенді, көп желілі роман бүкіл ұлт болып алжасудың қандай абыройсыздыққа ұрындыратынын жеріне жеткізе әжуалапты.

Әрине, Р.Сейсенбаевтың жазу машығы оған атымен ұқсамайды. Шиыршық атқан гротескіге лайық сөз саптастан гөрі тым жайбарақат, қазақ хиссаларындағыдай оқиғаларды алыстан орағытып, аспай-саспай, төкпей-шашпай, етек-жеңін мол қарпып, кеңінен толғайды. Кейде бір-біріне ұқсас эпизодтар ұшырасады. Бірақ, олардың әр қайсысы өз бетінше шалқып, әр басқа дамиды. Сөйте келіп, бәрі бір арнада тоғысып, бір түйінге түйреледі. Ол – белгілі бір тұстағы халықтың басындағы шыннан кездескен аласапыран оқиғалар еді. Енді қайтерін, қайда барып, не бітіретіндерін, бұның соңы немен тынатынын білмеген, бүкіл ел тығырыққа тіреліп, жаппай дағдарған апатиялық ахуал еді. Бұл күнге қайдан жеттік? Бұл күйге қалай түстік? Дүдәмал сауалдардың діңкелеткен жылдары еді.

Тандау тағы да Көктеңіз (Арал) аймағына түседі. Ұзынсонар жылдар тізбегінде бұл өңірдің әуелден-ақ тіршіліктің бастауында тұрғандығы, одан бірте-бірте өркениет бесігіне айналғандығы, сол үшін талай-талай тайталасқа түскендігі, ондай әркім-ақ қызығатын берекелі дәуренді бастан өткізіп, қайтадан біреу біліп, біреу білмейтін қиян түкпір, шалғай шет аймақтың күлді-көмеш күнін кешкені тікелей сөз болмаса да, әңгіме ыңғайынан аңғарылып отырады. Бір кезде көшпенді дүние мен отырықшы дүниенің айқын шекарасы болған Сырдария сондай әрқилы тұрмыс-салттың қайта шарпысу аймағына айналған-ды.

Сонда Көктеңіз күні кешегі малшыларға ау жайғызып, қармақ ілгізетін, қалтылдаған қайық мінгізіп, қара санынан келгенше су кешкізетін жатақ тіршілікке – отырықшылыққа бауыр басқызудың алғашқы сатысы болып шыға келеді. 1793 жылы Хиуа ханының көзі ауырды. Орыс патшасы емші жіберді. Оған майор Бланкенагель келді. Ол бүкіл Амудария бойын аралайды. Сонда ол бұл арада қазіргіден әлдеқайда өркениетті өмір болғанына көз жеткізеді. Өзендер бойына осы күнгіден төрт еседей көп халық тұрыпты. Бүгінгіден гөрі әлдеқайда әдемі қалалардың құмға көміліп бос жатқанына куә болады. Бұқара мен Хиуаны 1794 жылы алғаш көрген грек митрополиті Хрисанф та сондай қорытындыға келеді.

Содан 1846 жылы әскери геодезистер мен топографтар корпусы Тұран ойпатын, Маңғыстау мен Үстіртті, Хиуа аумағын, Арал мен Сырдарияны түк қоймай, түгел шарлап шығады. 1853 жылы Бутаков «Перовский» пароходына отырып, Сырдарияны бастан-аяқ аралап көреді. Осыдан бастап бұл өлкеде балық шаруашылығы өркендей бастайды. Бір кезде құм астынан тамыр қазып, өзен бойынан балық аулап күн көрген қармақшы қазақтар пәлен ғасыр қол үзіп кеткен ата кәсібімен қайта қауышады. Самиян далада сайрандап үйренген салт атты жылқышылар мен қойшылар ата жұрттарына оралып, жаңа күн көрістеріне көндігеді. Оған Ресейдің қарқынды жүргізген отаршылдық экспансиясы қатты әсер етеді. Дала тіршілігі түгелімен өзгерістерге ұшырайды. Отызыншы жылдарғы күштеп біріктіруден қашып-пысып жүргенде екі миллиондай қазақ бұта

түбінде босқа қырылады. Тірі қалғандары үкімет бекіткен аумақтарға орнығады. Қазақстандағы седентаризация әлденеше ғасырларға жалғасып, ақырында осылай жүзеге асады.

Меридиан бойымен бір жерде қыстап, екінші жерде мал төлдетіп, үшінші жерде жабағы жүн қырқып, төртінші жерде жайлап, бесінші жерде күзем алып, алтыншы жерде күзеуде болып, ақырында бастапқы қыстауына қайта оралатын көші-қон мыңдаған шақырымдарға созылатын. Мұндай жағдайда кең далада сұраған адамыңның ауылын тауып барудың өзіне апталар мен айларды жіберетінсің. Осылайша бар сән-салтанатын саяхатпен өткізіп, серуендеп өмір сүрген көшпенді халықты тұрақтандырып, қысы-жазы бір жерге иіріп қою деген нағыз апокалипсиске барабар тым тосын, тым ауыр оқиға еді. Оның үстіне, тіршілік айырып отырған төрт түлік малынан бір күнде ажырап қалған ел жапатармағай жер ауып, бет-бетіне шұбырып босты. Жол-жөнекей шиеттей бала-шаға індетке шалдығады. Артынан үлкендері ауырды. Жапан түзде аштан қырылды. Өлмегендері азып-тозып, күнгейдегі Сыр бойы мен Жетісу аймағына жетті. Отырықшы кәсіп қуды. Бала-шағасын асырады. Қайтадан тұрмыс түзеді. Әлденіп, ел қатарына қосылды. Онда қазақтың төрт тарабы түгел бастарын жиып, өздерінің әуелден осы арадан ыдырап, жан-жаққа күнкөріс іздеп кеткендерін біліп, ұлттық төркіндерінің түбі бір екенін таныды. Көне молалардан бұрынғы бабаларының қабірлерін тауып, көптен көріспей кеткен ағайындарымен қайта қауышты.

VII ғасырда арабтарға Иран мен Хорасан бағынғаны белгілі. Оларға қарсы огуз, қарлық, қалаш сияқты түрік халықтарының қалай қарсыласқаны аян. Бұл іске араб интеллектуалдарын жұмылдыруға тура келді. Олар Ибраһым пайғамбардың үлкен ұлы Исмайыл қызы Ажардан, екінші ұлы Ысқақ арамей қызы Сарадан, ал Мадан, Мәдиен, Иукшен Зимран, Ашбах, Шух болса, Сара өлгеннен кейін алған таза араб қызы Қантөреден тарайды деп үйретеді. Хазарлар мен түріктерді де Қантөре балаларына теліп, арабтармен туысқан етеді. Бұдан біз арабтар аталмыш өлкені жаулап алған алғашқы ғасырларды түгелімен Хорасан мен Мауененахрды мұсылмандандыруға кеткенін аңғарамыз. Ол X ғасырға дейін созылды. Тек Амудария ғана емес, Сырдарияның бойында да ірі-ірі ислам орталықтары пайда болды. Шыңғысханнан қашқан Күшліктің діни ұстанымдарының әлденеше рет өзгеруі де тегіннен-тегін емес еді. Ежелгі мәжусилік зороастризмге, ол тәңіршілдікке, одан буддизм мен манихейшілдікке жол берді. Соның бәрінен кейін киліккен ислам өзінен бұрынғы діндердің бәрінен үстем тұруға тырысты. Бірақ, оның үлкен күшке түскен түрі бар еді. Шыңғысханның Орта Азияға тиісерде ислам дінінің жақтаушысы бола қалуының да себебі үлкен еді. Оны жақтаған саудагерлер жағы Бағдаттағы халифті де қолдаса керек.

Ол кезде Орта Азияның теріскейі мен батысында түрік-моңғол тілдес көшпенді тайпалар тұратын. Олар іргелерінде болып жатқан діни өзгерістерге енжар қарай алмады. Бұны огуздардың Селжук әулеті шежіресінен де көруге болатын. Ол Ертіс бойынан келген қайы руының Керекуші тайпасынан еді. Керекуші – керегеші деген сөз. Көшпенді байларға талдан иіп, үй жасап беретін шебер болғандықтан Керекуші қожа атанған-ды. Оның Тоқақ деген ұлы біраз жылдар хазар ханына қызмет етеді. Ол хандық 969 жылы күйрейді. Содан ағайындарына оралып, Арал маңындағы елге басшылық жасайды. Жабғумен жараспайды. Сол үшін өлтіріледі. Селжук 17-18 жаста еді.

Әкесінің қарауындағы елді алып, басқа жаққа көшіп кетеді. Ондағылар өңшең мұсылман екен. Бұлар да ислам дініне кіруге бел буады. Шейхтарды шақыртады. Жаңа дінге кірушілер миссионерлерге ұнайды. Көбі сонда қалып қояды. Селжук қол астындағы жұртты әлі кәпір

күйінде жүрген жабғудан қорғап, жорықтарға аттанады. Оның Исраил, Михаил, Муса, Юнус, Юсуп деген бес баласы болады. Бесеуі де «Інжілдегі» аттар еді. Бұл да, әл-Казвини мен әл-Бакуви айтқандай, оғуздардың көбі Ғайсаға табынған христиандар болғандығын айқындайды. Енді олар мұсылмандана бастайды. Бұл іспен, негізінен Мұхамбет пайғамбарым мен Әбу Бәкір, Әли сынды халифтердің жолын қуған мистиктер Әбу Иусуф әл-Хамадани, Хожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани (Хақим аты), Сейіт Ата, Нажмаддин Кубра және олардың сансыз шәкірттері шұғылданады. Сөз болып отырған Көктеңіз алабы деп Амудария, Сырдария қиылысындағы Арал теңізі маңын айтамыз. Бұл өлкемен жалғас жатқан аймақтарды дінге қаратуға Хожа Ахмет Иассауидың сүйікті шәкірті Сүлеймен Бақырғани (Хақим Ата) аттанады. Ол Хорезмдегі көп әулиені, Үргеніштегі үш жүз алпыс әулиені табады. Баласы Сұлтан Хубби да Маңғыстау өңірінен дәл сонша әулиенің бастарына шырақ жағады.

Бұһардан келген 366-ның үш жүзі шәйт кетеді. Шайбан қосқан 1448 батыр да солардың кебін құшады. Құтан, ноғай, қара қыпшақ иман жолын қабылдайды. Ал естектер тайсақтайды. Шәйбанның 222 батыры Дияр даласындағы Орта жүзге барады. Шәйбан Уәлі хан атанады. Тірі қалған 66 шейх Бұһараға оралып, Баһауаддин пірәдарға болған істі баяндайды. Бұдан кейін қожа, молда, ишандар Аби Джерус еліне шұбырады. Әуелі Дәулет шейх ибн шах Абдулуаһап Испиджаби Ертістен өгіп, қалмақ қоңтайшысын дінге үгіттейді. Ертіс бойынан 18 киелі орын (астана) табады. Хорезмнен келген Ескендір мәулені шейх 9, Бари, Назар, Шарафди-әзиздер 12 астананың шырағын жағады. Одан кейін табылған 30 молада кімдер жатқаны түгелдей анықталады. Оларды анықтауды Дәулет шейх бастаса керек. Ол 1694 жылы 2 қазанда өзі істеген бұл істі одан әрі жалғастыру үшін Ходжан Шүкір бин Аббас — бақы деген адамға рұқсат еткен қолхат береді.

Бірақ, Көшімханның шақыруымен Үргеніштен келген 500 нөкердің ішіндегі Шербет-шейх пен Абдал-шейх оның алдын орап кетеді. Отыз киелі орынды анықтауда Тар қаласының өкілдерінің де атқарған қызметтері зор болады. Көшім ханның ордасына Бұһарадан Дінасыл деген сұпы келеді. Хан оған қызын береді. Жаңа некеден Ибн Иамин қожа туады. Ибн Иамин Хан-Саидов 1766 жылы сібірліктер атынан Екінші Екатерина патшаға жолығуға барады. Сонда жаңа «Низам» жарияланды. Ол бойынша Хан Саидов жаңа қызметке тағайындалады. Бұл жөніндегі патша өкімі бүгінде Омбы облысының Тар ауданындағы Сейт ауылында имам Мұхамбет бин Наурыздың үйінде сақтаулы тұр. Көп ұзамай, 1778 жылы Орынбор мүфтиаты құрылады. Мүфти Мұхамбетжан Құсайынов пен бұрынғы Кіші жүз қазақтарының пірі Әбдіжәлел қожаның ұлы Нұрмұханбет қожаның Сырым батыр қозғалысы тұсында көтерілісшілер мен Орынбор әкімшілігінің арасында делдалдықта жүргендігін білеміз. Патша өкіметі ислам өкілдерін өз мүддесіне пайдалануға көп көңіл бөлді. Бұл әдіске коммунистер де жүгінді.

Сол сияқты, өзі көндіккен аймақта сәл үйреніскен кәсіптермен ғана шұғылдану ұлттық дамуды да айта қаларлықтай кенделетті. Бұл кең дүниеде бәрі өзгереді, тек қазақ өзгермейді деген шалағай түсінік тым ұзақ өмір сүрді. Ол басқа халықтар үйреніп жатқан кәсіптер мен мамандықтарды бас салып игеруге енжарлық пен самарқаулық танытуға баулыды. Оны қазақтар өз өмір салтына адалдықтан айнымаған бас асаулығымыз деп санады. Бірақ, өмір бәрібір өз дегенін істетпей қоймады. Жоқ-жітіктен туды-бітті істеп көрмеген кәсіптерге де бауыр бастырды. Бұрын ішінде балықтар бықып жүретін айдын-шалқарлардың жағасында отырып, аштан қырылатын сахаралықтар енді аспанға атылып жатқан ақ жал толқындарға бетің бар, жүзің бар демей, құлаштап қойып кетер нартәуекелшіл теңізшілерге айналды.

Роман да, міне, дәл осы желіге құрылыпты. Бұрынғы мыңғырған малдың өрісі мен қонысын уайымдайтын қазақ енді көк теңізді жағалап жүріп, оның жылдан-жылға құрдымданып бара жатқанына күйзелетінді шығарды. Аспаннан жаңбыр емес, топырақ, тіпті тұз аралас тосап жауатынынан шошынады.

Көз ұшында көлкіп тұратын алыс аралдар қазір қасында аяғыңның астындағы кара жермен астасып кетеді. Ондағы ыңып жүретін аңдар енді үйіңнің іргесін иіскелейтінді шығарды, ит біткен шуылдасқан аш қасқырларға еріп, абайсыз құмға батып қалған машинаңның әйнегіне сариды. Қорықтағы құландар үйір-үйір болып, босып шығып, бағып отырған биелеріңді сондарына ертіп әкетеді. Жан-жағыңнан осы заманғы ғылым мен техника жапа-тармағай күш сынасып, жер жаңғырықтырып жүргенде, өрістегі малың қырға қашып, өз бетімен жабайыланып жатыр. Жылан екеш жылан біткен ирелендеп, індерінен безіп барады. Жер бетінде ат шаптырғандай ақ шаңыт көтеріп, өлген-жіткендеріне қарамай, топ-тобымен автомагистральдарды кесіп өтеді.

Күн сайын төбе-құйқанды шымырлатар неше қилы сұмдықтар айтылады. Бірақ ондайлардан қалай арылатындығымыз жөнінде ештеңе айтылмайды. Бір кезде озат мұғалім оқытқан таңдаулы шәкірттер ғана жағаларын ұстап, қарадай шошынған мәселелерге енді қарапайым ауыл қазағы да назар аудара бастады. Шалғайдағы теңіздің онаша түбегінде жатқан Қара ой ауылы қаптаған қалың үрейдің құшағына енеді. Ол күннен күнге тұтасып, қоюлана түсті. Бұл тақсіреттерді алғаш байқап, ол әкелер сұмдық зұлматтың тұңғыш рет дәмін татқан Насырұлы Қаһарман еді. Тепсе темір үзетіндей тегеурінді жігіт-тұғын. Осындағы балық кәсіпшілігі тресінің бастығы еді. Экскурсияда жүргенде, Омаш деген ұлы оқыс қазаға ұшырайды. Ұйықтап жатып оянбай қалады. Өзегін өртеген мұндай тосын ажалдың атын да, себебін де біле алмай, дүние ауып кете барды. Артында қалған әкесі кімді не үшін кінәларын білмейді. Өндірісте ұшырасып жататын кенделіктерді бүгін болмаса, ертең түзетіп алатын абайсыз ағаттықтарға балайтын. Ол біреулердің жауапкершілік сезімдерінің жетіспеуінен деп түсінетін. Оны тек уақытында байқап, бұлтартпас айғақтармен дәлелдей алсақ, бәрін де орнына келтіруге болады деп ойлайтын. Соған сенгендіктен жоғарғы инстанцияларға хат жолдап әуре болатын. Оның бекершілік екендігіне көп ұзамай көзі жетеді.

Қайда жазса да, қайда барса да, жолы болмайды. Аудан, облыс, республиканы түгел шарлайды. «Жоғары жақтағылардың да күні-түні ойлайтындары – халықтың қамы. Солардың өзі басқа амалдары болмаған соң ғана, осылай істегенді әзірше жөн деп санайды. Ендеше, ауылдағы күнде көріп жүрген, бір өзінен басқаға бас ұра қомайтын тоңмойын кісілерге құлақ асамыз ба?! Әлде ел мүддесін көздеп, күн-түн қай жақтан қандай қатер шығады деп құлағы түрік отырған дегдар басшыларға құлақ асамыз ба?!». Бәрінің де айтары осы. «Бәрінің де баратын жері Мәскеу ғой», деп оны да оқтын-оқтын жағалап көрді. Ондағылар да пәлесінен аулақ деп, бір-біріне жұмсайды. «Ара ағайыншылықтарын айтсыншы», деп Ғылым академиясына сілтейді. Ондағылар – өңшең білгіштер. Бір-біріне құлақ аспайды. Ал, өздерінің ауыздары да әр жаққа қисаяды.

Бәрінен ештеңе шықпаған соң, ұятты қойып, жол торуға кірісті. Үлкен ЦК-ның басшысы Целиноградқа барады екен. Салып ұрып сонда ұшты. Ондағылар дөкейге жолықтырмақ түгілі қарасын да көрсетпеді. Істі кіші ЦК-ға жолдады. Олар қосымша мәліметтер сұратты. Көк теңіздің шын білгірі профессор Славиковтың деректерін алып, Қаһарманның туған әкесі Насыр атбасын [Алматыға](#) туралады. Қанша дегенмен, кіші ЦК халыққа бір табан жақындау ғой. Алыстан келген балықшыны құшақ жая қабылдады. Үнді шәйіне тойғызып, көңілін аулады. Өзінің кемпірінің, құрбы-құрдастарының амандықтарын сұрады. Бірақ барған шаруасына байланысты

ештеңе айтпады. Келген мәліметтердің бәрін қарап, бәріне талдау жасап, кейін әдейі хат жазып, хабарлаймыз деді. Бірақ, оған дәм тартпады. Насыр [Алматыдан](#) аттанбай жатып, ол барған басшы орнынан алынды. Бұған наразы жастар көшеге шықты. Сөйтіп, Насырдың шаруасының ақыры насырға шапты.

Бұны естіп, Қаһарман қатты күйзелді. Әкесінің дәмәтпестен дәмәткеніне апшыды. Олай ойлайтын тек әкесі ғана емес еді. Ірі ихтиолог ғалым Славиков та солай пайымдайтын. Арал үшін араша түсер Қазақстанның бірінші хатшысы ғой деп санайтын. Өзі мәселе көтеруге батпаса да, басқалардың көтерген мәселесінің оң-терісін айқындауға болысады деп ойлайтын. Бірақ, оның да қолы байлаулы, аяғы тұсаулы екендігіне енді біржола көзі жетті. Өмір ғылымнан гөрі күрделірек пе қалай? Оның үстіне өмір дейтін ұғымның өзі де қырық құбылып, өзгеріп кеткелі қашан...

Бұрындары қай істің де мәніне түсінгендер ел билейді ғой деп есептейтін. Ондай адамдар өзі білмегенмен, білетіндерге тоқтайтын. Ал қазіргі өмірді білу ол жайында пікір айтатын адамдарды білуге байланысты екен. Соған мейлінше жетік облыс басшысы Қанат Алдияров ең сұңғыла адам болып шықты. Ол теріскей өзендерінің суын Аралға бұруды жақтайды. Өйткені, оны республиканың бірінші басшысы да мақұлдайтын. Бұл идея одақтың бұрынғы басшыларына тегіс ұнаушы еді. Оның бәрі Кеңестер Одағына шет аймақ республикаларының беретіндерін түгел сарқып алып қалуға тырысатын. Соның жолында табиғи заңдылықтармен де есептесе бермейтін. Жер бетіндегі өзен-көлдерді де өз таңдаулары бойынша ағызып, өз қалаулары бойынша сарқылтатын. Табиғатты бұлай билеп-төстеу күндердің күнінде зиянға шығады-ау деген атымен миға кірмейтін-ді.

Бірақ табиғат тілсіз көрінгенмен, мылқау емес-ті. Күндердің күнінде оның да бұлқан-талқан мінез танытуы мүмкін еді. Қолында билігі барлар оны мүлдем естен шығарды. Түркіменстан басшылары одақтың мойындарына артып отырған мақта өсірудің жоспарын берілген межеден асыра орындау жолында өліп-тірілді. Иосиф Сталиннің көзі тірісінде Қарақұм каналын салуды реттестіріп алғанды. Сөйтіп, Гитлерді жеңген жеңімпаз Сталин енді құдайдың ісіне де қол сұға бастады. Амударияны Аралға жете бергенде батысқа қарай жетектеп әкетіп, ежелгі шекараны бойлап салынған Ташкент-Красноводск темір жолы алқабындағы неғұрлым құмдақ, неғұрлым шөлейт, неғұрлым сор тақыр аудандарды суландырды. Одан қалғанын Өзбекстан өз пайдасына жаратты. Әйтеуір Аралға Амудариядан нәр барып жарымады десе де болады. Бар салмақ Арал теңізін асырайтын екінші емшек – Сырдарияға түседі. Сөйтсе, оны Қазақстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан бірдей еміп жатады екен. Талқыдай-талқыдай бес бөлтірік таласа емген құртқаның емшегінен салпылдаған құр шандырдан басқа не қалушы еді?! Сырдария алабындағы алқаптың көрген күні осы еді. Бұл туа салысымен күннен күнге азайғанның үстіне азайып бара жатқан көк теңізден басқа ештеңе көрмеген Қаһарманның шыбындай жанын шырқыратты.

Есіне бала жасынан жаттап өскен бір тарих оралды. Тұсында революцияны құтқарып қалуға аянбай жәрдемдескен Аралға айрықша зер салған Ленин тым ерте өліп кетті. Одан кейінгі Сталин, Хрушев, Брежневтер де бұндай өлкені қолдан шығармауға тырысып-ақ бақты. Құба даладағы оймақтай ғана шөкім көлді іштен-сырттан жау алмайтындай қылып, химиялық, бактериологиялық, радиоактивтік қарулардың бәрін жеке-жеке сынайтын ұлан-асыр полигондарды бірінен кейін бірін іске қосты. Космодром, ракетодром, танкодромдар түзілді. Орыс ғалымдарының марқұм

болғандарының қалған-құтқан қағаздарын ақтарып-төңкеріп, жүзеге асыра алмай кеткен идеяларын осы маңайдағы өңірлерге сынап көрді.

Солардың біреуі – Солтүстік мұхитқа барып құятын өзендерді Аралға қарай бұрып әкетіп, қазақ, қарақалпақ, түркімен, өзбек, тәжік, қырғыз шөлейттерін тегіс гүлдендіріп, Ресейдің қырық құлта қамбасына Орта Азия мен Қазақстанда өндірілетін алуан түрлі мол байлықты мейлінше сарқа құйып алу еді. Көсемдердің бәріне ұнаған бұл идея М.С.Горбачевқа ұнамай-ақ қойды. Пәлен жыл үндемей келген табиғат патриоттарының: «Құла түз, құм шөлдерге бір ұрттам суды рәсуа қылдырмаймыз!» деп отырып алғандары. Енді оларға дарияның басында отырғандардың ортақ өзеннің суын жолдан бұрып әкететіндері ұнамай қалыпты. Бағзы бабаларының: «Бастағы ел селден қорлық көрсе, аяқтағы ел шөлден қорлық көреді» немесе «Арпа, бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» дегенді неліктен айтқандарына енді-енді мән бере бастады.

Арал сарқылған үстіне сарқыла түсті. Көктен күн, жерден құм лапылдаудай-ақ лапылдап бақты. Сорлы көл алаулаған екі оттың ортасында қалды. Екі дариядан құятын сулар бір-біріне қосылмады. Бір теңіздің табанында екі көлшік пайда болды. Екі ортадағы бос жатқан жер күннен-күнге ұлғая берді. Көкке түйдек-түйдек бу көтерілді. Оның артынан құм аралас шаң борады. Ол бірте-бірте тұз аралас тосапқа айналды. Бұрын аспаннан ұшақпен теңіз деңгейін барлайтын. Енді бір теңіздің жойылғанынан табиғаттың ештеңесі кетпейді деп, оның қалай құрып бара жатқанын зер сала қадағалайтынды шығарды.

Көлшіктегі дәу балықтар ауадағы оттегі азайған соң, тынысы тарылып, шыдай алмай аспанға қарғып, атып-атып шығып, қайырлап қалған көне балықшы кемелерге соқтығып, естерінен танып, өздерін өздері өлтіріп жатыр. Судағы жүгіретіндер мен жорғалайтындар жабыла жан сақтап, жағадағы құмға қарай тырағайлап безіп барады. Құтырылған жел теңіз түбіне шөккен қоқыстарды қопарып, ию-қию араластырып, білгендерін істеп бақты. Іштерінде отыз миллион жыл бұрынғы тоғайларда жүретін индрикотерилердің курап қалған алып қаңқалары да бар, қайдағы бір сүйек-саяқтар аспанға қалықтап шығып, шырқ айналып ұшып жүрді. Солармен бірге жер жаратылып, су аққалы заманның неше түрлі елестері қайта тіріліп, көз алдымызда тыр жалаңаш тапырақтап билеп жүргендей көрінді.

Роман сол бір күндердің күйкі шындығын күнірене, күйзеле бейнелейді. Қазақстанның басынан бақ ауғандай болған сол бір айлар мен күндердің көңілсіз көріністерін тәптіштеудей-ақ тәптіштейді. Сібір өзендерін кері бұру идеясы түпкілікті тойтарыс алған кездегі Аралдың ауыр хәлі қай-қайсымыздың да жанымызға батудай-ақ батты. Біз ол күндерде не көрмедік. Көз алдымызда шалқып жатқан шалқар көлдің таусылып, арналы өзеннің арыны қайтып, сарқылғанын да көрдік. Біртіндеп балық шаруашылықтары таратыла бастады. Ескі орындар қаңырап, бос қалды. Босқан ел [Атырауда](#), Торғайда, Ырғызда, Шардарда, Қапшағайда, Алакөлде, Балқашта, Ертісте, Зайсанда жұмыс іздеп, бекерге сенделіп жүрді. Соның бәрін көріп, көбімен сөйлесіп, іш құса болып кете жаздаған Қаһарман уақытша [Семейге](#) келіп, қоныстанып жатқан отбасына соғады. Сөйтсе, жер түбінде жатқан Қараойдан анасы Қорлан келіпті. Отызыншы жылдары босып бара жатқан елге ілесіп, беті ауған жаққа кете барған бала қыз жол бойындағы көрген аштықтың бәрінен аман қалып, Сыр бойына жеткен-ді. Бақытына күн-түн еңбек етуге жалықпайтын, иманына берік Насыр сияқты жігіт жолыққан-ды. Құдайдың берген ұл-қызын сүйіп, ел қатарлы шаңырақ түзеген-ді. Енді, міне, шау тартқан шағында тағы да босқан елге ілесіп, кіндік қаны тамған Шыңғыстауды көруге келіпті.

Дімкәс жүрекке бұндай сапар ауыр тиеді. Жол үстінде опат табады. Анасымен қауышып, сағынып қалған мауқын басам деп ойлаған Қаһарман ойламаған жерде зілдей ауыр табыт арқалайды. Қараойда қалған Насырға Қорланның мәйітін жеткізбек болып, жолға шығады. Пойыз үстінде ауылдасы Қайырмен кездеседі. Жастайынан білетін суаяқ немені суқаны сүймейді.

Құдай тар жерде тап қылған соң, не жорық?! Мәскеуге беттеп барады екен. Ол жақта да талай сабаз бұны асыға тосып отырған болса керек. Пәлденген неме ауылдасы Қайырды көргенде елпілдеді де қалды. Жолаушылар купесінің тар үстелі иін тіресіп тұр. Жамбылдан өте бере, үдере дауыл соқты. Радиоға құлақ түреді. Космосқа аттанғалы тұрған «Боранды» да алапат дауыл ұшыртпай тастапты.

Сол айқай дауылда бұлар мінген пойыз жол бойындағы шағын разъезге келіп тоқтады. Қараойға әлі қырық шақырымдай жер бар. Табыт түсірілді, Қайыр да бірге түсті. Жел күшейіп барады. Табыт ауырлай түскен. Осы арада оны жерге бермесе, болмас. Одан әріге мәйіт шыдамайды. Пәлен күн жолда жүрді ғой. Қайырдың да қайта-қайта қақылдай беретіні сондықтан-ды. Бір кезде Қазаннан оқып келіп, біраз уақыт молдалық құрғаны бар. Құран сөзіне әлге дейін сауысқандай сұңқылдап тұр.

Әлгі жерде Қаһарманның бір жамағайыны тұрушы еді. Жағдайлары онша мәзді емес екен. Үлкен баласы жуырда Ауғанстанда қаза тауыпты. Кішісі [Алматыдағы](#) көтеріліске қатысып, жеті жылға сотталып, [Семей](#) түрмесінде жатқан көрінеді. Жалғыз келіні кішкентай баласымен жесір қалыпты. Қайырдың қайдағыны қайдан табатыны белгісіз. Жүдеу үйдің дастарқанын жайнатып жіберді. Түтек дауыл апта бойы ашылар емес. Қайырға айтқызсаңыз – бұл әлі жағдайсыздықтардың басы ғана. Не сұмдықтар әлі алда. Вискиді су араластырмай, ұрттап қойып, әңгімені көйітіп отыр. Қаһарман қайта-қайта есінеп қояды. Көзінің алдында сусылдақ Қайыр бірте-бірте жымысқы Жындыбайға айналып барады. Ұйқыға кетерде, түсіне осындай бір пері кіретін. Атын Жындыбай деп қойған Қаһарманның өзі. Айтатыны – қайдағы бір сарсаң әңгімелер. Кімнің жегені. Кімнің ішкені. Кімнің көтерілгені. Кімнің түскені. Кімнің болғаны. Кімнің болмай қалғаны.

Осындай әуре-сарсаңнан әбден басы қатқан Қаһарман эзер-эзер дегенде көз іліндіріп еді. Ойда жоқта әжептарқы дауыстан оянып кетті. Анадай жерде пышағын жалаңдатқан енесі тұр. Өзімен өзі: «Қап, бәлем!» деп тістеніп қояды. Есіктің алдында кішкене сәби томсарып, көзі мөлт-мөлт етеді. Келіні жер төпелеп, долырып жылап отыр. Бейшараны біреу тал түсте мал қораға қамап қойып, зорлапты. Бұны естігенде, Қаһарман жатқан төсегінен дереу ұшып тұрды. Сол екі ортада сырттан ештеңе болмағандай, ыржаландап Қайыр кіріп келеді екен. Дүрсе қоя берген әйелдерге: «Ақыр заманның орнауына екі жарым-ақ күн қалды. Сендер маған қайдағы бір ұятты айтасындар!» деп, бет бақтырмайды.

Соны көргенде, Қаһарман тісін шықыратты. Құлақ шекеден көздеп тұрып қойып кеп жіберді... Қайыр кескен теректей ұшып түсті. Қаһарман қасына кеп, бетіне еңкейді. Тіптен сес жоқ. Әлдеқашан жүріп кетіпті. Сосын аспай-саспай киінді. Әйелдерге қарады. Екеуі де абдырап қалған. Жылдам басып сыртқа шықты. Ала шаңыт. Айқай боран. Әлі сыбап тұр. Үй алдында шөгерулі түйе жатқан. Ештеңеден хабары жоқ. Қаннен қаперсіз. Күрт-күрт күйіс қайырып қояды. Барды да, мініп алды. Орнынан атып тұрды. «Қараой, қайдасың?» – деп, желге қарсы бағыт түзеді.

Ызғындай ауыл-ды. Бүкіл Қараойда екі-ақ үй түгін түтетіп отыр. Біреуі – мыжырайған мыжық там. Жалғыз баласы суға кетіп, есінен айырылған Қызбала деген кемпірдің үйі. Соғыста ұшты-күйлі хабарсыз кеткен күйеуі Нұрдәулет жуырда үйіне кіріп жетіп келіпті. Екі қолы, екі аяғы бірдей жоқ. Әскери комиссариаттың адамдары әкеліпті. «Мендей мұсалдат кімге керек дейсің?» – деп, Валаам аралындағы бағым үйге кеткен екен. Жуырда қаражаттың жетіспеуінен, жабылып қалыпты. Нұрдәулетті өткен соғыста аңызға айналған атақты комбат Бауыржан Момышұлының қарауында болған мүгедек политрук қоярда-қоймай жүріп, ауылына қайтарыпты. Келсе – тұла бойы тұтасымен домаланып тұрған ақшұнақ шалды Қызбала танымай қойыпты. «Нұрдәулетімнің өзі келгенше, мен ешкімге жоламаймын» деп, қу тізесін құшақтап, отыра беріпті. Бүгін сол үйге де кіріп-шықпақ. Қос мұңлыққа не айтып, не қоярын да білмейді. Екіншісі – өз үйі. Қырық шақырым жерге жетіп, аманаттап жерленген анасының хабарын айтпақ.

Бұрынғыдай емес, іргесіне құм борай-борай, жертөлеге айналып бара жатқан өзінің үйін анадайдан таныды. Алдына жетіп түйесін шөгерді. Баласы Беріш үйде екен. Бауырына басып, маңдайынан иіскеді. Арқасынан қақты. Әкесін сұрады. Асарын асап, жасарын жасаған адам еді. Осы шаруашылықты өзі құрысқан. Баяғыда басқарма да болған. Кәнігі балықшы еді. Бекіренің бес кеспесін жемейтін аста-төк дәуреннің қайтып келетініне сенетін жалғыз адам. Көзкөргендердің бәрі өлген. Одан туғандар ел ауып, жер ауып, тоз-тоз боп, тентіреп кеткен. Ескі жұрттың көңін иіскеп әлі жүр. Ертелі-кеш Құран ақтарып, терезенің алдында қадалып отырады да қоятын-ды. Одан да жалыққан ғой.

Жағалау жаққа кетіпті. Ол бұрынғыдай емес. Теңіз қашып, жағалау жер түбіне алыстап кеткен. Әкесінің соңынан барайын деп, баласын ертіп, сыртқа шықса, қайдан сап ете түскені белгісіз, «қара құзғын» ауыл шетіне ілігіп қапты. Оларды көзі шалып, Насыр да кейін қайтыпты. «Тоқтай тұр!» деп, Қаһарман кері бұрылды. Үйге кіріп, аузы-мұрнынан шыға толып тұрған канистрді қолына алды. Бұрыш-бұрышқа, үсті-басына бензин төкті. Сосын шырпыны шырт еткізіп, жағып кеп жіберді. Әбден тозып тұрған ескі үй лап ете қалды. Бұндайды түсінде көрген бабаларымыз: «Үйінді өрт жалмаса, қаңқасы да қалмаса, күнің болар далбаса», («Ірк бітік») – деп жориды екен. Бұл түсі емес, өңі ғой. Ел камын жеген есіл Едіге – Қаһарман жерүстілік сапарын осылай аяқтады.

Одан арғысын өздеріңіз білесіздер. Құм үстінде аңырып тұрып қалған Насыр мен Беріштің қолдарына кісен салынды. «Қара құзғын» зуылдатып ауданға беттеді. Жолда адасады да кетеді. Құла түзді әрі кезеді, бері кезеді. Қайда жүргендерін өздері де білмейді. Амалсыз тоқтап, жер бағдарлайды. Жерді білетін – жалғыз Насыр. Ол айдалада құлазып тұрған Иманбектің күмбезінің үстінен шығады. Сол арада кәрі мұндар жата қалып, мұңын шағады. Әулие қылп етпейді. Тымырайып тұра береді. Оны Насыр өзінше жорыды. Көне аруақтың тырп етпегені: «Құдайын ұмытқан өңшең бейбақ! Бұл арсыздықтарыңызды қоймасаңыздар, бәріңіздің де көретін күндеріңіз осы болмақшы!» дегені деп ұғады. Қанша айтса да, илікпей қойған тілазар тобырдың қырсығынан күнәсіз күйіп кеткен сорлы пірәдар аяқ астында жан тапсырады. Иә, сонымен иман жолын ұстап, шыж-быж болып жүретін жалғыз Насырдың да жеткен жері осы болды.

Бәрінен де айырылып, әбден түк қалмай, тұлдырланып біткендеріңізше, сіздер де естеріңізді жинаңыздар! Сабаларыңызға түсіңіздер! Тәубелеріңізге келіңіздер! Бұл дүниеде кеуделерінде жаны барлардың бәрінің де нұр мен нәрге жанталаса ұмтылатындарын ұмытпайық. Бәрінің де құмарларынан шыққанша айдын көлге шомылуға, мейірлері қанғанша мөлдір судан сімірулеріне

қақылары бар. «Тек менің ғана бойыма нұр жүгірсін, тек менің ғана тәнім нәр сіңірсін!» деп ешқайсың да астамсымаңдар! Онда дәл осылай болады да тұрады. Бір-біріңізбен тіл табыса алмасаңыздар, табиғат та сіздермен тіл табыса қоймайды.

Елсіз далада екілене соққан құм дауылының астында бедірейіп тұрған безер күмбезге аяқ астынан тіл біте қалса, тап осылай айтарына ол күндерде әркім-ақ кепіл болар еді. Соны ұқпаған егде буын ел арасын босқа дүрліктірумен өмірден өтіп барады. Алда-жалда өңшең құзғын ортасында некен-саяқ ақ қарғалар кездесе қалса, оларға құйрықтарын жел көтеріп, желбеңдеумен өтетін ызғындай серіктері жол бере қоя ма?! Әлдеқашан көздерін шұқып тастайды ғой! Күні кешегі аңшы Мұса, емші Өткелді, ақын Ақбалақ, дегдар Насыр – бәрі де бұл дүниеден бармақтарын тістеумен өтті ғой. Олардан көп кейін туған Қаһарман да солардың кебін құшты ғой! Өз-өзінен өртеніп өлді ғой! Көктеңізден содан күй кетті ғой! Көктеңіз содан күйреді ғой! Ал одан бергі кесапаттардың бәрі де сол Көктеңіздің қурағанынан болып жатыр ғой!

Айдалада ықылым замандардан бері тұрған күмбездің ішінде марқұм атасының басын сүйеп, қаршадай бала жігіт Беріш отыр. Ал Зайсанға көшіп кеткен көптің ортасында Беріштің күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай, алабұртқан алма жүзді Айгүл жүр. Екеуінің жазған сағынышты хаттарының әр сөзі, әр сөйлемі бір-бірінің жүрегін шоқтай қариды. Нұр болып дариды. Ендігі үміт екеуінде. Ендігі тіршіліктің өрмегін де құратын, өрнегін де салатын тек солар. Табиғатпен тіл табысса, бәлкім, солар тіл табыса алар. Дүлей дүниені дүрліктіре бермей, айнала қоршаған ортамен абайлап қарым-қатынас жасау да, бәлкім, солардың ғана қолынан келіп қалар. Осы үмітпен Көктеңіз шеккен тақсіреттер хиссасының ақырғы бетін аудардық. «Үмітсіз – шайтан» деген ғой!

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ